Диссертациялық Кеңес туралы Типтік ереженің
№5 Қосымшасы

8D02304 - Филология білім беру бағдарламасы бойынша (PhD) философия докторы дәрежесін алу үшін дайындалған Олжабаев Бекарыс Кобланулының «Түркі халықтары фольклорындағы «Туған жер» концептісі» тақырыбындағы диссертациялық жұмысына

РЕЦЕНЗЕНТТІҢ ЖАЗБАША ПІКІРІ

р/н №	Өлшемшарттар	Өлшемшарттарға сәйкестігі (жауап нұсқаларының бірін сызу)	Ресми рецензенттің ұстанымына негіздеме (ескертуді курсивпен көрсету)
1.	Диссертация тақырыбының (бекіту күніне) ғылымның даму бағыттарына және/немесе мемлекеттік бағдарламаларға сәйкес болуы	1.1 Ғылымды дамытудың басым бағыттарына және/немесе мемлекеттік бағдарламаларға сәйкестігі: 1) диссертация мемлекет бюджетінен қаржыландырылатын жобаның немесе нысаналы бағдарламаның аясында орындалған (жобаның немесе бағдарламаның атауы мен нөмірін көрсету); 2) диссертация басқа мемлекеттік бағдарлама аясында орындалған (бағдарламаның атауын көрсету); **3) диссертация Қазақстан Республикасының Үкіметі жанындағы Жоғары ғылыми-техникалық комиссия бекіткен**	«Түркі халықтары фольклорындағы «Туған жер» концептісі» тақырыбындағы диссертация төмендегідей мемлекеттік бағдарламаларға сәйкес: - Қазақстан Республикасында Білім беруді және ғылымды дамытудың 2020-2025 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы (5.3.6. Тарих пен мәдениеттің, әдебиет пен тілдің, салт пен құндылықтардың ортақтығы. Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2019 жылғы 27 желтоқсандағы №988 қаулысы); - Қазақстан Республикасының Үкіметі жанындағы Жоғары ғылыми-техникалық комиссия бекіткен 2021-2023 жылдардағы ғылымды дамытудың «Білім және ғылым саласындағы зерттеулер», «Әлеуметтік және гуманитарлық ғылымдар саласындағы зерттеулер» басым бағыттарына сәйкес келеді.

		ғылым дамуының басым бағытына сәйкес (бағытын көрсету) келеді.	
2.	Ғылым үшін маңыздылығы	Жұмыс ғылымға елеулі үлесін **қосады**/қоспайды, ал оның маңыздылығы **ашылған**/ашылмаған.	Түркі халықтарының фольклорындағы «Туған жер» концептісі – белгілі бір аймақты ғана білдіретін географиялық кеңістік қана емес, әр ұлттың санасында сақталған сакральды ұғым. Бұл концептіні түркі халықтарының фольклоры негізінде бағалау – бауырлас туыс елдердің болмысын, тарихи санасын жаңғыртудың, мәдени кодтарды танудың маңызды жолы. Сонымен қатар, қазіргі заманғы жаһандану, урбанизация дәуірінде ұлттық сана мен тарихи жадты сақтауда «Туған жер» концептісінің тәрбиелік және идеологиялық рөлі ерекше маңызға ие. Диссертациялық жұмыс ғылым үшін өте маңызды.
3.	Өзі жазу принципі	Өзі жазу деңгейі: 1) **жоғары;** 2) орташа; 3) төмен; 4) өзі жазбаған.	Өзі жазу принципі бойынша деңгейі – жоғары. Диссертациялық жұмыста академиялық жазу қағидаларының талаптары қатаң сақталған, ғылыми аппараты дұрыс құрылған. Диссертанттың жазу стилі қалыптасқан. Деректерді саралау, жинақтау, түйіндеуі нақты. Ізденуші тақырып аясында үлкен ізденіс жасаған.
4.	Ішкі бірлік принципі	4.1 Диссертация өзектілігінің негіздемесі: 1) **негізделген;** 2) ішінара негізделген; 3) негізделмеген.	Зерттеу тақырыбы түркі халықтарының фольклорында көрініс беретін «туған жер» концептісін жаңа көзқараста, яғни когнитивтік әдебиеттану аясында қарастырған ғылымындағы өзекті мәселеге арналған. Диссертацияда қазақ, қырғыз, өзбек, татар, башқұрт халықтарының фольклорындағы «туған жер» концептісінің көрініс табуы, жанрлардағы қызметі, идеялық-мазмұндық құрылымы нақты мысалдармен талданған. Сонымен бірге түркі халықтарының дүниетанымдық жүйесін қалыптастырудағы өзектілігі айқындалған. Қорғауға ұсынылған диссертациялық жұмыста ішкі бірлік принципі сақталған.
		4.2 Диссертация мазмұны диссертация тақырыбын айқындайды: 1) **айқындайды;** 2) ішінара айқындайды; 3) айқындамайды.	Диссертация мазмұны диссертация тақырыбын толық айқындайды. Зерттеу құрылымдық тұтастығымен және бірізділігімен сипатталады. Тақырып пен жұмыс мазмұнында жүйелі байланыс бар. Тараулар мен тараушаларда баяндалған тұжырымдарда тақырып жан-жақты ашылған. Жұмысты жазу барысында диссертанттың көптеген деректерге жүгінгені аңғарылады.

			Бірінші тарауда Түркі халықтары фольклорындағы «Туған жер» концептісін зерттеудің теориялық негіздері зерделенген. Бұл тарауда диссертант осы концепт аясындағы «атамекен», «отан» ұғымдарынның мәніне де терең талдау жасап, халық санасындағы қастерлілілк (сакральдық) сипатын саралаған. Екінші тарауда түркі халықтарының танымындағы «туған жер» концептісін миф, аңыз, ертегі, эпос жанрлары бойныша талдап, ұқсастықтары мен еркшеліктеріне нақты дәйектер келтірген. Жұмыстың үшінші тарауында «туған жер» концептісінің түркі халықтарының фольклорындағы маңызы әпсана-хаикаяттар бойынша талданып, ғылыми тұжырым жасалған.
		4.3. Мақсаты мен міндеттері диссертация тақырыбына сәйкес келеді: 1) **сәйкес келеді;** 2) ішінара сәйкес келеді; 3) сәйкес келмейді.	Диссертациялық жұмыстың мақсаты мен міндеттері нақты белгіленген, тақырыбына сәйкес келеді. Түркі халықтарының фолькорындағы «туған жер» концептісін зерделеу жұмыстың негізгі мақсаты ретінде айқындалған. Осы мақсатқа жету үшін түркі фольклоры мен топонимдік фольклор арасындағы байланыстарды зерделеу, когнивтік әдебиеттану, фолькортану саласындағы концепт мәселесін анықтау, концептің көркемдік-когнитивтік модельдерін, ақпараттық-мағыналық өрісін айқындау міндеттері зерттеу нысанына сәйкес келеді.
		4.4. Диссертацияның барлық бөлімдері мен ережелері логикалық байланысқан: 1) **толық байланысқан;** 2) ішінара байланысқан; 3) байланыс жоқ.	Диссертациялық жұмыстың құрылымы ізденушінің алға қойған мақсат-міндеттеріне сәйкес жүйеленген. Жұмыс кіріспеден, тараушаларға бөлінген негізгі үш тараудан, қорытынды және пайдаланылған әдебиеттер тізімінен тұрады. Кіріспеде тақырыптың өзектілігі, мақсат-міндеттері, теориялық-әдіснамалық негіздері, дереккөздері, зерттеу әдістері көрсетілген. Тараулар мен тараушаларда баяндалған тұжырымдар диссертация жұмысының толық аяқталған, ғылыми нәтижелері бар еңбек екендігін дәлелдейді. Диссертацияның барлық тараулары мен құрылысы жүйелі, логикалық байланыс толық сақталған. Әр тараудың соңында қорытынды жасалған. Жұмыстың негізгі тұжырымдары қорытынды бөлімінде баяндалған.
		4.5 Автор ұсынған жаңа шешімдер (қағидаттар, әдістер) дәлелденіп, бұрыннан белгілі шешімдермен	Автор ұсынған жаңа шешімдер (қағидаттар, әдістер) ғылыми негізде дәлелденген және бұрыннан белгілі шешімдермен салыстырылып бағаланған сыни талдаулар бар. Зерттеуде Ш.Уәлиханов, Г.Потанин, В.Радлов, Ә.Диваев, М.Көпеев сияқты зерттеуші-

		салыстырылып бағаланған: 1) **сынн талдау бар;** 2) талдау ішінара жүргізілген; 3) талдау өз пікіріне емес, басқа авторлардың сілтемелеріне негізделген; 4) талдау жоқ.	ғалымдардың тұжырымдары бағдарлық негіз ретінде алынған. Сонымен қатар, диссертацияның теориялық-әдіснамалық негізін С.Қасқабасов, Р.Бердібаев, А.Сейдімбек, Ш.Ыбыраев, К.Матыжанов, А.Пангереев тәрізді отандық фольклортанушылардың ғылыми еңбектері құрайды. Әлемдік фольклортану ғылымындағы іргелі зерттеулер диссертанттың зерттеу жұмысының теориялық-әдіснамалық негізін айқындауда маңызды рөл атқарған. Бұл ғалымдардың ұстанымдары мен тұжырымдары диссертантқа зерттеліп отырған "туған жер" концептісін кешенді әрі тұтастықта қарастырудың маңызын айқындауға мүмкіндік берген.
	Ғылыми жаңашылдық принципі	5.1 Ғылыми нәтижелер мен ережелер жаңа ма? 1) **толығымен жаңа;** 2) ішінара жаңа (25-75% жаңа); 3) жаңа емес (жаңасы 25%-дан кем).	Диссертацияда алынған ғылыми нәтижелер мен қағидаттар толығымен жаңа. Жұмыста «туған жер» концептісі түркі халықтарының фолькоры негізінде алғаш рет жеке зерттеу нысаны ретінде талданған;
		5.2 Диссертацияның қорытындылары жаңа ма? 1) **толығымен жаңа;** 2) ішінара жаңа (25-75% жаңа); 3) жаңа емес (жаңасы 25%-дан кем).	Диссертациялық жұмыстың зерттеу нәтижелері мен қорытындылары толығымен жаңа. Түркі халықтары фольклорындағы «Туған жер» концептісін зерттеу — түркі әлеміне тән рухани сабақтастықты ғылыми негізде танудың жолы. Ізденуші осы бағытта тың тұжырымдар жасаған.
		5.3.Техникалық, технологиялық, экономикалық немесе басқару шешімдері жаңа және негізделген бе? 1) **толығымен жаңа;** 2) ішінара жаңа (25-75% жаңа); 3) жаңа емес (жаңасы 25%-дан кем).	Техникалық, технологиялық, экономикалық немесе басқару шешімдері толығымен жаңа және негізделген. Бұл шешімдер қазіргі заманғы ғылым мен білім беру жүйесінің талаптарына сәйкес келеді және оларды практикалық қызмет салаларында, әсіресе мәдениет, білім, әлеуметтік даму бағыттарындағы жобаларды жүзеге асыруда қолдануға толық мүмкіндік бар.
6.	Негізгі қорытындылардың негізділігі	Барлық негізгі қорытындылар ғылыми тұрғыдан қарағанда ауқымды дәлелдемелерде **негізделген**/негізделмеген (qualitative research (куолитатив	Qualitative research ұстанымдары тұрғысынан диссертациялық жұмыстың жазылу деңгейін жақсы деп бағалауға болады. Барлық негізгі қорытындылар ғылыми тұрғыдан ауқымды дәлелдемелерге негізделген. Диссертанттың жасаған тұжырымдары бұған айқын дәлел болады. Зерттеу жұмысында «туған жер» концептісі қазақ, қырғыз, башқұрт, татар халықтарының түрлі фольклорлық

		ресеч) және өнер және гуманитарлық ғылымдар бойынша даярлық бағыттары үшін).	жанрлары (батырлар жыры, аңыз-әпсаналар, жоқтау, лирикалық өлеңдер) аясында нақты мысалдармен жан-жақты талданған. Әрбір халықтың фольклорлық мәтіндерінде туған жер ұғымы сакральдық мәнге ие. Жұмыста концептінің мазмұндық және символдық мәндері талданған. Сонымен қатар, салыстырмалы-типологиялық, саралау, жүйелеу әдістері негізінде түркі халықтарына тән ортақ белгілер жүйеленіп көрсетілген. Бұл зерттеу туған жер ұғымының фольклордағы көркемдік табиғатын ғана емес, түркі этносының рухани бірлігі мен мәдени сабақтастығын айқындауға да зор үлес қосады. Қорытынды бөлімінде жасалған түйіндер зерттеу жұмысының толық аяқталған, ғылыми нәтижелері бар еңбек екендігіне дәлел бола алады. Тақырыпты ашу бағытында қолданған әдістері ізденушінің алдына қойған мақсатына толық жетуіне септігін тигізген.
7.	Қорғауға шығарылған негізгі ережелер	Әрбір ереже бойынша келесі сұрақтарға жеке жауап беру қажет: 7.1 Ереже дәлелденді ме? **<u>1) дәлелденді;</u>** 2) шамамен дәлелденді; 3) шамамен дәлелденбеді; 4) дәлелденбеді; 5) бұл тұжырымда ереженің дәлелденгенін тексеру мүмкін емес. 7.2 Тривиалды ма? 1) ия; 2) **<u>жоқ;</u>** 3) бұл тұжырымда ереженің тривиалды екенін тексеру мүмкін емес. 7.3 Жаңа ма? 1) **<u>иә;</u>** 2) жоқ; 3) бұл тұжырымда ереженің жаңашылдығын тексеру мүмкін емес. 7.4 Қолдану деңгейі:	“Туған жер” концептісінің нақты көрінісі топонимдер арқылы анықталады. 7.1.Диссертациялық жұмыста қағидат дәлелденген. 7.2.Жұмыста келтірілген дәлелдер тривиалды емес. 7.3.Зерттеу жұмысында көрсетілген қағидат жаңа. 7.4. Диссертацияда қағидаттарды қолдану деңгейі кең. 7.5. Мақалада дәлелденген. “Туған жер” концептісі көркем концепт, фольклорлық концеп аясында талданды. 7.1.Диссертациялық жұмыста қағидат дәлелденген. 7.2.Жұмыста келтірілген дәлелдер тривиалды емес. 7.3.Зерттеу жұмысында көрсетілген қағидат жаңа. 7.4. Диссертацияда қағидаттарды қолдану деңгейі кең. 7.5. Мақалада дәлелденген. Топонимдік фольклордың негізгі ұғымдары: топонимдік аңыз, топонимдік әпсана, топонимдік хикаят жекелей айқындалды. Аталған үш термин негізінде “туған жер” концептісі архетип, мотив ұғымдары аясында қарастырылады. 7.1.Диссертациялық жұмыста қағидат дәлелденген. 7.2.Жұмыста келтірілген дәлелдер тривиалды емес. 7.3.Зерттеу жұмысында көрсетілген қағидат жаңа. 7.4.Диссертацияда қағидаттарды қолдану деңгейі кең. 7.5.Мақалада дәлелденген.

		1) тар; 2) орташа; 3) **кең** 4) бұл тұжырымда ереженің қолдану деңгейін тексеру мүмкін емес. 7.5 Мақалада дәлелденген бе? 1) **иә;** 2) жоқ 3) бұл тұжырымда мақаладағы ереженің дәлелденгенін тексеру мүмкін емес.	Фольклордағы “туған жер” концептісінің ақпараттық-мағыналық өрісін талдау нәтижесінде анықталғаны қазақ, қырғыз, татар, башқұрт халықтарының танымында тұрақталған көзқарастардың көрінісі. 7.1.Диссертациялық жұмыста қағидаттар дәлелденген. 7.2.Жұмыста келтірілген дәлелдер тривиалды емес. 7.3.Зерттеу жұмысында көрсетілген қағидаттар жаңа. 7.4.Диссертацияда қағидаттарды қолдану деңгейі кең. 7.5.Мақалада дәлелденген. Түркі фольклорындағы ұлттық концептуалды жүйедегі ұлттық таным, ментальды болмыс, менталитет мәселелері секілді негізгі ұғымдар анықталды: 7.1.Диссертациялық жұмыста қағидат дәлелденген. 7.2.Жұмыста келтірілген дәлелдер тривиалды емес. 7.3.Зерттеу жұмысында көрсетілген қағидат жаңа. 7.4.Диссертацияда қағидаттарды қолдану деңгейі кең. 7.5.Мақалада дәлелденген. Түркі фольклоры-когнитивтік әдебиеттану теориясындағы жаңа антропозектік парадигмада анықталатын үлкен бағыттардың бірі. 7.1.Диссертациялық жұмыста қағидат дәлелденген. 7.2.Жұмыста келтірілген дәлелдер тривиалды емес. 7.3.Зерттеу жұмысында көрсетілген қағидат жаңа. 7.4.Диссертацияда қағидаттарды қолдану деңгейі кең. 7.5.Мақалада дәлелденген.
8.	Дәйектілік қағидаты. Дереккөздер мен ұсынылған ақпараттың дәйектілігі	8.1 Әдіснаманы таңдау – негізделген немесе әдіснама нақты жазылған: 1**) иә;** 2) жоқ.	Түркі халықтарының фольклорындағы «туған жер» концептісін зерттеу барысында қазақ және түркі халықтары фольклорының , жанрларының зерттелу тарихы, даму бағыттары назарға алынған. Автор диссертациялық жұмыстың теориялық-әдіснамалық негіздерін дұрыс жүйелеген. Жұмыстың ғылыми аппараты талапқа сай. Осы уақытқа дейін жазылған отандық және шетелдік ғалымдардың іргелі зерттеулері қамтылған.

		8.2 Диссертация жұмысының нәтижелері компьютерлік технологияларды қолдану арқылы ғылыми зерттеулердің қазіргі заманғы әдістері мен деректерді өңдеу және интерпретациялау әдістемелерін пайдалана отырып алынған: **1) иә;** 2) жоқ.	Диссертация жұмысының нәтижелері компьютерлік технологияларды қолдану арқылы ғылыми зерттеулердің қазіргі заманғы әдістері мен деректерді өңдеу және интерпретациялау әдістемелерін пайдалана отырып алынған.
		8.3 Теориялық қорытындылар, модельдер, анықталған өзара байланыстар және заңдылықтар эксперименттік зерттеулермен дәлелденген және расталған (педагогикалық ғылымдар бойынша даярлау бағыттары үшін нәтижелер педагогикалық эксперимент негізінде дәлелденеді): **1) иә;** 2) жоқ.	Теориялық қорытындылар, модельдер, анықталған өзара байланыстар және заңдылықтар зерттеу барысында жинақталған фольклорлық материалдарға жүргізілген кешенді талдау нәтижесінде дәлелденген. Диссертацияда туған жер концептісінің фольклорлық мәтіндердегі көрінісі жүйеленіп, түркі халықтарындағы танымдық, символдық және поэтикалық ерекшеліктері ғылыми тұрғыда негізделген. Осы әдістемелік негіздер арқылы ұсынылған теориялық тұжырымдардың практикалық қолданбалығы мен зерттеу нәтижелерінің ішкі логикалық тұтастығы толық сақталған.
		8.4 Маңызды мәлімдемелер нақты және сенімді ғылыми әдебиеттерге сілтемелермен **расталған** / ішінара расталған / расталмаған.	Маңызды мәлімдемелер нақты және сенімді ғылыми әдебиеттерге сілтемелермен расталған. Диссертант осы уақытқа дейін жазылған ғылыми тұжырымдарды, пікірлерді жан-жақты зерделеген. Ойын тиянақты жеткізу үшін отандық және шетелдік фолькортанушылардың, әдебиетшілердің теориялық-әдіснамалық еңбектерін басшылыққа алған. Жұмыстың дереккөздері ретінде тәуелсіздік алғаннан кейін жарық көрген тың материалдар да қамтылған.
		8.5 Пайдаланылған әдебиеттер тізімі әдеби шолуға **жеткілікті**/жеткіліксіз.	Диссертацияда пайдаланылған әдебиеттер саны – 178. Пайдаланылған әдебиеттер тізімі әдеби шолуға жеткілікті.
9		9.1 Диссертацияның теориялық маңызы:	Диссертациялық жұмыстың теориялық маңызы бар. Жұмыс нәтижелерін түркі халықтары әдебиетінің даму бағыттарына, тақырыптық-идеялық ерекшеліктеріне

	Практикалық құндылық қағидаты	1) **бар;** 2) жоқ.	арналған ғылыми еңбектерде қолдануға болады. Осы саладағы заманауи зерттеулерде мәселенің дереккөзі және дәлелді базасы бола алады.
		9.2 Диссертацияның практикалық маңызы бар және алынған нәтижелерді практикада қолдану мүмкіндігі жоғары: 1) **иә;** 2) жоқ.	Жұмыстың ғылыми-практикалық нәтижелері фольклортану, этномәдениеттану, әдебиеттану бағыттарында жүргізілетін ғылыми-зерттеу жұмыстарында, сондай-ақ жоғары оқу орындарының оқу үдерісінде қолдануға лайықты. Атап айтқанда, зерттеу барысында алынған тұжырымдар мен жинақталған материалдар фольклорлық мәтіндерге талдау жасауда, ұлттық концептілерді түсіндіруде тиімді әдістемелік құрал бола алады. Зерттеу нәтижелері "Фольклор", "Халық ауыз әдебиеті", "Түркі халықтарының фолькорлық және әдеби байланыстары" т.б. пәндердің мазмұнын байыта отырып, ұлттық құндылықтарды терең тануына ықпал етеді
		9.3 Практикалық ұсыныстар жаңа ма? 1) **толығымен жаңа;** 2) ішінара жаңа (25-75% жаңа); 3) жаңа емес (жаңасы 25%-дан кем).	Тәжірибелік ұсыныстары толығымен жаңа.
10.	Жазу және ресімдеу сапасы	Академиялық жазу сапасы: **1) жоғары;** 2) орташа; 3) орташадан төмен; 4) төмен.	Диссертациялық жұмыс барлық академиялық жазу мен ресімдеу талаптарына сәйкес келеді. Олжабаев Бекарыс Кобланулының 8D02304 – Филология білім беру бағдарламасы бойынша (PhD) философия докторы дәрежесін алу үшін ұсынылып отырған зерттеу жұмысында ҚР ҒЖБМ талаптары сақталған.
11.	Диссертацияға ескертулер		Диссертацияның кей жерлерінде техникалық қателіктер кездеседі. Пайдаланылған әдебиеттер тізіміндегі кейбір еңбектер талапқа сай ресімделінбеген. Алайда, бұл көрсетілген ескертулер диссертациялық жұмыстың жалпы құндылығына айтарлықтай нұқсан келтірмейді деп ойлаймын.
12.	Докторант мақалаларының зерттеу тақырыбы бойынша ғылыми деңгейі (диссертация мақалалар		Диссертацияның негізгі бөлімдері бойынша 8 мақала: ҚР Ғылым және жоғары білім министрлігінің Ғылым және жоғары білім саласында сапаны қамтамасыз ету комитеті ұсынған ғылыми басылымдарда – 5 мақала, халықаралық конференцияларда – 3 мақала жарияланған.

	сериясы нысанында қорғалған жағдайда ресми рецензенттер докторанттың зерттеу тақырыбы бойынша әр мақаласының ғылыми деңгейін зерделейді)		
13.	Ресми рецензенттің шешімі (осы Үлгі ереженің 28-тармағына сәйкес)		8D02304 – Филология білім беру бағдарламасы бойынша (PhD) философия докторы дәрежесін алу үшін ұсынылған Олжабаев Бекарыс Кобланулының «Түркі халықтары фольклорындағы «Туған жер» концептісі» тақырыбындағы диссертациясына оң пікірімді бере отырып, философия докторы (PhD) дәрежесін алуға лайық деп есептеймін

Рецензент:
Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті
қазақ әдебиеті және әдебиет теориясы кафедрасының
аға оқытушысы, филология ғылымдарының кандидаты **Дарибаев Самалбай Дарибаевич**



